



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары  
Е.С. Бапиге,  
Г.Ш. Танашеваға**

*2023 жылғы 24 қарашадағы № ДС-448 сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

«Тарбағатай-Мұнай» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) қызметіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық төлеуші өзінің салық міндеттемелерін сақтауға міндетті, ал салық агенті салықтарды толық көлемде және белгіленген мерзімде дәл есептеуге, ұстап қалуға және аударуға міндетті.

Бұл ретте тақырыптық салықтық тексеру барысында Серіктестік өзара байланысты тараптар болып табылатын XINJIANG JIMUNAI GUANGHULNG DEVELOPMENT CO, LTD атына әлемдік нарықтық бағадан төмен бағамен газ сатқаны анықталды.

Осылайша, салық салынатын айырмашылық пайда болды.

*Анықтама:* «Трансферттік баға белгілеу туралы» ҚР Заңының 10-бабының 1-тармағына сәйкес тексеру жүргізу барысында бағалар ауқымы ескеріле отырып, мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу фактісі анықталған кезде уәкілетті органдар салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету жасайды.

Тексеру нәтижелері бойынша Серіктестікке корпоративтік табыс салығы мен өсімпұл есептелгені туралы хабарлама шығарылды.

Серіктестік заңнамаға сәйкес хабарламаға сот тәртібімен дау айту құқығын пайдаланды.

Осылайша, алғашқы екі инстанциядағы соттар талап қоюдан бас тартты, бірақ 2022 жылдың тамызында Жоғарғы Сот Серіктестікке салықтардың бір бөлігін есептеу туралы хабарламаның күшін жойды.

Алайда, Бас Прокурордың наразылығы бойынша Жоғарғы Сот 2023 жылғы 22 қыркүйекте өзінің қаулысын ерекше тәртіппен қайта қарады және бұған дейін шығарылған сот актілерін күшінде қалдырды.

Серіктестік Өскемен қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш берді, онда 2023 жылғы 19 қазандағы ұйғарыммен салық берешегін өндіріп алу рәсімі тоқтатып қойылды.

Осылайша, салық төлеушіге Оңалту жоспарын жасауға уақыт берілді, салық органымен келісілетін қарызды өтеу кестесі оның ажырамас бөлігі болып табылады.

**Ә. Смайылов**

*Орын.: Б. Балгабаев  
тел. 74-51-29*